

**ТАҚЫРЫП 2. Мемлекет қоғамдық
үдерістерді басқару
субъектісі ретінде
Дәріс жоспары (2 сағат)
Дәріс 2**

1. Басқару жүйесі қоғамдық-экономикалық даму институты ретінде
2. Мемлекеттің негізгі функциялары және мемлекеттік басқарудың әртүрлі жүйелерінің сипаттамалары

Әдебиеттер: нег: 1-21; қос 22-65

Сұрақ 1. Басқару жүйесі қоғамдық-экономикалық даму институты ретінде

Мемлекет — бұл қоғамның өмірлік іс-әрекеті процестерін, ортақ территория, тарих және дәстүрмен біріктірілген адамдар іс-әрекеті және қатынастарын басқаруды ұйымдастырудың әмбебап жүйесі. Ол халық билігін білдіре отырып, заң шығару, атқару және сот билігіне қатысты мемлекеттік органдар тұлғасында қатысады.

Мемлекет әлеуметтік (қоғамдық) институт ретінде

Факторлар:

- а) адамның материалдық және әлеуметтік өмірінің нақты шарттары, олармен алынатын табыстардың сипаты мен типі;
- б) мемлекет әрекет етуінің түрлі кезеңдерінде оның функцияларын салыстыруға мүмкіндік беретін тұлғаның өмірлік тәжірибесі;
- в) адамның білімділік дәрежесі, оның әлемдік тәжірибені білуі;
- г) адамның әлеуметтік мәртебесі, оның мансаптық өсуінің табыстылығы/табыссыздығы;
- д) адамның мінез-құлқы, оптимизм/пессимизмнің басым болуы

Белгілер:

- Мемлекеттік органдар, мекемелер, ұйымдар жүйесі ретінде биліктің болуы;
- Мемлекеттің әлеуметтік функцияларын жүзеге асыру барысында осы билік тетіктерінің іс-әрекеті;
- Саяси билікпен санкцияланған құқықтық нормалардың қалыптасқан жүйесі;
- Билік таралуының кеңістіктің шеңберімен шектелген территорияның болуы.

Әлеуметтік мемлекет — әр азаматтың лайықты өмір сүру деңгейіне қол жеткізуі, әлеуметтік теңсіздікті жою және мұқтаж тұлғаларға көмек көрсету үшін әлеуметтік әділеттілік қағидасына сәйкес материалды игіліктерді қайта бөлетін саяси жүйе.

**Конституцияның 1
бабына сәйкес** Қазақстан
Республикасы өзін
демократиялық, зайырлы,
құқықтық және әлеуметтік
мемлекет ретінде
орнықтырады, оның ең
қымбат қазынасы - адам
және адамның өмірі,
құқықтары мен
бостандықтары

Заманауи
экономикалық жағдайдың
Қазақстанда әлеуметтік
мемлекет қалыптасты
деуге мүмкіндік бермеуіне
қарамастан, Қазақстанның
өзін әлеуметтік мемлекет
ретінде жариялауының өзі
азаматтардың, жалпы
халық
қызығушылықтарының
басты буын болып
табылатынын дәлелдейді.

Әлеуметтік бағдарланған мемлекет

Қағидалары:

1. Сандық. ЖІӨ жартысына жуығы нарықтық критерийлер емес, әлеуметтік тұрғыдан құрылып, қайта бөлінуі тиіс.
2. Азаматтық қоғам.
3. Ресурстарды белсенді жұмыс істеушілерге қайта бөлу.
4. Нарықтық жүйе шеше алмайтын мәселелерді шешу үшін әлеуметтік қолдауды пайдалану (денсаулық, білім, тұрғын үй, минималды табысқа әр азаматтық қол жетімдігі);
5. Әлеуметтік, гуманитарлық, экологиялық нормативтердің кең жүйесі

Қағидалары:

6. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтік әріптестікті дамыту.
7. Саяси құрылымдарға қатысты ұлттық және халықаралық қоғамның басымдығы.
8. Қатаң экологиялық басымдықтар.
9. Білім беру, біліктілікті арттыру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорттың қоғамдық-мемлекеттік жүйесі.
10. Шынайы мәдениет басымдығы


Қазақстан – әлеуметтік бағдарланған мемлекет

Құраушылары:

***Мықты
әлеуметтік саясаты
бар нарықтық
мемлекет –
Қазақстанмен
таңдалған жол. Басты
басымдық –
жалпымемлекеттік
деңгейде және әр
азаматқа атысты
жоғары өмірлік
стандарттарды
қамтамасыз ету.***

1. Халық табыстарының артуы (Қазақстанның ЖІӨ өсімінің қарқыны дамушы елдерден жоғары);
2. Халықтың жұмысбастылығының артуы және жұмыссыздықтың төмендеуі;
3. Халықтың білім деңгейінің артуы, білім беру қызметтерінің сапасы мен қол жетімдігі;
4. Денсаулық сақтау жүйесінің, медициналық қызметтер жүйесі сапасының артуы;
5. Әлеуметтік реформалардың тереңдеуі, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуы (2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда мідетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі, жинақтық зейнетақы жүйесі енгізілген);
6. Әлеуметтік бағдарламалар;
7. Қазақстанның әлеуметтік саласына ҰЕҰ-н қатысуы (Бүгіндері Қазақстанда бардық салада әрекет ететін 4500 ҰЕҰ бар; Қазақстанда біртіндеп «Азаматтық альянс» заңды тұлғалардың бірігуімен меценаттық мәдениеті қалыптасуда. Осындай әріптестікті қоғам қызығушылығында әрекет ететін әлеуметтік әріптестік деп атауға болады

Әлеуметтік бағдарланған мемлекеттік басқарудың қағидалары



Қоғамдық мүдделердің басымдығы (әлеуметтік топтар, халық топтары, саяси партиялар)

Экономиканың қоғамның барлық топтарының қызығушылықтарын ескере отырып дамуы (оған өңірдің сәйкес салаларын экономикалық ынталандыру, салықтар арқылы табыстарды қайта бөлу жолымен әлеуметтік айырмашылықтарды теңестіру арқылы қол жеткізуге болады)

Мемлекеттің (әкімшілік, экономикалық шаралармен) халықтың өмірлік қажетті тауарларына бағаларды реттеуі (азық-түлік, дәрі-дәрмек, тұрғын үй ақысы, коммуналдық қызметтер, көлік және байланыс қызметі, электр энергиясы, газ, бензин)

Мемлекет экономикалық институт ретінде

1. Мемлекет нормативті-құқықтық актілерде көрініс табатын түрлі шаруашылық субъектілерінің экономикалық қатынастарын анықтайтын билік субъектісінің функциясын атқарады;
2. Мемлекет тауарлар, игіліктер, қызметтер өндіре отырып, тікелей шаруашылық ету қызметін атқарады;
3. Мемлекет жеке секторда, шетелде өндірілген тауарлар мен қызметтердің тұтынушысы функциясын атқарады
4. Мемлекет ұлттық байлықтың меншік иесі функциясын атқарады. Ол бюджет қаражаттарын басқарады, мүлікті сатады, сатып алады, несие ұсынады, т.б.;
5. Мемлекет әлеуметтік қорғалмаған топтарды қолдау түрінде азаматтардың әлеуметтік қызығушылықтарын қорғаушы және гаранты функциясын атқарады;
6. Мемлекет түрлі шаруашылық субъектілері арасында экономикалық қатынастарды қалыптастыру функциясын атқарады

Сұрақ 2. Мемлекеттің негізгі функциялары және мемлекеттік басқарудың әртүрлі жүйелерінің сипаттамалары

*Мемлекеттің
функциялары* —
қоғамдағы
мемлекеттің мәні мен
тағайындалуын
сипаттайтын
мемлекет іс-
әрекетінің негізгі
бағыттары

Мемлекет функцияларының белгілері:

- бұл — мемлекет іс-әрекетінің тарихи өзгермелі бағыттары.
- бұл — мемлекеттің неғұрлым маңызды әлеуметтік саладағы тұрақты, қайталанушы да объективті қажетті іс-әрекеті важных сферах социальной действительности.
- олар мемлекеттің барлық органдарының үйлестірілген іс-әрекеті арқылы орындалады.
- функциялардың іске асырылуы биліктік-мәжбүрлеу, құқықтық әдістер арқылы қамтамасыз етіледі.

Кесте 1 – Мемлекеттің негізгі функциялары

№	Жіктеу критерийлері	түрлері	мәні
1.	Мемлекеттің қоғамдық қатынастарға ықпал етуі бойынша	қорғаныс; реттеуші	Қорғаныс функциялары — барлық қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталған мемлекет іс-әрекеті (азаматтар құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, мемлекетті сыртқы қауіптен қорғау, табиғат қорғау және т.б.). Реттеуші функциялар — мемлекеттің әрекет етуші қоғамдық қатынастарды дамытуға бағытталған іс-әрекеті (экономикалық, әлеуметтік, т.б.)
2.	Қоғам үшін маңыздылығы бойынша	Негізгі және негізгі емес	Елдің қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз ету, кәсіптік спорт дамуы үшін жағдай жасау, т.б.
3.	Әрекет ету мерзімі бойынша	Тұрақты және уақытша	Мәдениетті дамыту және қараусыз балалардың болуының алдын алу
4.	Халықтың түрлі топтарының қызығушылық ескеру дәрежесі бойынша	Белгілі әлеуметтік топтарға (кластық) және жалпыәлеуметтік топтарға бағдарланған	Шаруа қожалығының даму деңгейін арттыру, қоршаған ортаны қорғау
5.	Ықпал ету объектілері бойынша	Ішкі және сыртқы	Халық денсаулығын қорғау, халықаралық ынтымақтастық

Кесте 2 – Мемлекет функцияларының жіктелуі (сыртқы және ішкі)

Ішкі функциялар		Сыртқы функциялар	
1. Экономикалық функция	Салықтарды орнату, несие беру, инвестициялар, жеңілдіктерді арнықтау, әлеуметтік инфрақұрылым	1. Қорғаныс функциясы	Мемлекеттер арасында жанжалды шешу, олардың әскери қақтығысының алдын алу
2. Саяси функция	жалпы халық билігін білдіретін парламенті құру процесі, конституциялық құрылымды қорғау, мемлекеттік егемендікті сақтау	2. Дипломатиялық функция	Идеология, шаруашылық жүйесінен тәуелсіз барлық елдермен жағымды қатынасты сақтау
3. Әлеуметтік функция	Минималды еңбекақыны, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақыны орнату	3. Сыртқы саяси функция	Ғаламдық қарулы жанжалдың алдын алу үшін мемлекеттердың саяси ынтымақтастығы (БҰҰ)
4. Құқық қорғау функциясы	Құқық шығармашылық әдісі (заң өңдеу және қабылдау), құқық қолдану әдісі (құқықтық жауапкершілікті қолдану), ұйымдық-құқықтық (баға белгілеуді реттеу, ереуілдерді реттеу)	4. Сыртқы экономикалық функция	Бір бірімен территориялық байланысқан елдердің ынтымақтастығы (ЕАЭС, ТМД)
5. Экологиялық функция	Кең табиғат қорғау заңнамасы	5. Мәдени ынтымақтастық	ЮНЕСКО


Мемлекет функцияларын жүзеге асыру формалары - бұл функцияларын жүзеге асыруда қолданылатын мемлекет органдарының біртекті іс-әрекеті

Құқықтық формаларға мынадай іс-әрекет жатқызылады:

- Құқық шығармашылық (нормативтік актілерді дайындауда, шығару);
- Құқық қолдану (заңдарды орындау бойынша күнделікті іс-әрекет);
- Құқық қорғау (азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу).

Ұйымдық формаларға мынадай іс-әрекет жатқызылады :

- Ұйымдық-реттеуші (құжат жобаларын дайындау, сайлау өткізуді ұйымдастыру және т.б.);
- Ұйымдық-шаруашылық (бухгалтерлік есеп, статистика, жабдықтаумен байланысты оперативті-техникалық және шаруашылық жұмыс);
- Ұйымдық-идеологиялық (жаңадан шығарылған нормативтік актілерді түсіндірумен байланысты күнделікті тәрбиелік идеологиялық жұмыс)



Сурет 1 – Мемлекеттік басқару жүйесінің құрылымы

Кесте 3 – Мемлекеттік басқару жүйесі құрылымының мәні

Институционалды ішкі жүйе	Барлық басқару деңгейінде билік пен басқару институттарының ұйымдық құрылымдық жүйесінің болуы
Нормативтік-құқықтық ішкі жүйе	Мемлекеттік билік және басқару органдарының іс-әрекетін реттейтін құқықтық нормалар мен талаптардың жиынтығы
Коммуникативтік ішкі жүйе	Басқарушылық қатынастар, ресми (құқықтық реттеу) және бейресми (іскерлік және формальды емес) байланыстар
Функционалды-құрылымдық ішкі жүйе	Заты, мазмұны, тәсілі, ықпал ету көлемі бойынша айрықшаланатын мемлекеттік басқару органдары жүйесінің функционалды құрылымы
Кәсіптік-кадрлық ішкі жүйе	Билік және басқару институттарында білікті, нормативтік-құқықтық нұсқамаларды дұрыс қолдана алатын кадрлардың болуы
Кәсіптік-мәдени ішкі жүйе	Мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды құраушысы ретіндегі басқарушылардың кәсіптік мәдениетін сипаттайды
Ғылыми-технологиялық ішкі жүйе	Мемлекеттік басқарудың ғылыми өңделу және уақытылы технологияландырылуы басқарудағы кездейсоқтықты болдырмайды, басқару тиімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді